Хаттама№2

10.10.2024 ж. «Қарлығаш» қыздар клубының жоспарлы жиналсы болып өтті.

Қатысқаны:50

Қатысқаны:16

Күн тәртібінде:

1. «Өмір, қымбат маған!» тренинг
2. Ағымдағы мәселелер

**Тыңдалды:**

**А.Абжанова – мектеп психологы:**

Жан-жағымызға мұқият қарасақ, айналамызда күйбең тіршілік жүріп жатыр. Адамдар еңбек етуде, жұмысқа бара жатады, жұмыстан қайтып жатады. Демалады, қонаққа барады, алға қойған мақсаттарына жетіп, басқа бір мақсаттар қойып жатады. Кейбіреулер болса қайғы –мұңды бастарынан өткеріп жатады. Ал, кейбіреулер не үшін өмір сүріп жүргендерін білмейді, бұлардың бәрін бір сөзбен айтатын болсақ өмір деген ойға тоқталамыс. Бүгінгі сендермен өткізгелі тұрған тренингіміз «Өмір сен маған қымбатсын» деп аталады.

**Шығып сөйлеушілер:**

Өмір өзен ағып жатыр тынбайды, Өмір болмас қасіретсіз мұң қайғы. Сондықтан да өз өзіңе абай бол, өмір сені сонда ғана шыңдайды. Өмірдегі кездесетін сәтсіздіктерді уақытша қиындық деп қабылдау керек. Әр нәрсенің ақырын шыдамдылықпен күтіп не істесең де ойланып істеуге үйрену керек. Әр нәрсенің ақырын шыдамдылықпен күтін не істесеңде ойланып істеуге үйрену керек. Сабырлы, шыдамды, төзімді болуды үйренейік. Өмірде бәріде өткінші екенін ұмытпаңыздар. Мысалы: Дінде «Алла Тағала сіздерге өмір берді, сол Алланың бұйрығымен өміріңді Алла ғана алады» - делінген. Өз-өзіне қол жұмсау кешірілмес үлкен күнә болып есептелінеді. Міне сондықтан ондай ойларын аулақ болайық. Әр бір атқан таңымызды қуанышпен қызықты етіп өткізейік.

А.Шаинова **-клуб мүшесі:**

Өмір деген – Алланың берген сыйы. Өмірдің ащы да, тәтті кезеңдері болады. Бұл кезеңдерді жеңе білу керек. Адамзат өмірге келгеен соң өмірін қалай болса солай өткізбеуі тиіс. Өмірдегі кездесетін сәтсіздіктерді уақытша қиындық деп қабылдау керек. Әр нәрсенің ақырын шыдамдылықпен күтіп, не ісиесеңде ойланып істеуге үйрену керек Сабырлы, шыдамды, төзімді болуды үйрендер едім.

**Ағымдағы мәселелер бойынша, клуб жетекшісі С.Едрес:**

Біз жылдың басында клуб мүшелерінің құрамынан арнайы тазалықшыларды, оқу секторлары, редколлегия мүшелері де бар. Бірақ, сонда да сыныптардағы кейбір қыз балалардың тазалығы көңіл көншітерлік болып тұрған жоқ. Әсіресе, жеке бас гигиенасы, соның ішінде қыз балалардың шаш күтімі ерекше алаңдатып отыр. Медбикемен бірігіп тазалық тексеру барысында, шаш күтіміне байланысты біршама кемшіліктер орыналғаны анықталып, сол оқушыларға ескерту жасалды. Сондай-ақ, мектептегі қыз балалардың, әсіресе жоғары сынып қыздарының оқу формасын сақтамауы орын алып отыр. Қазақстан Республикасының білім заңына сүйене отырып жасаған мектептің ішкі ережесі бар екенін білеміз. Сол себебті, мектеп формасын сақтап жүрейік қыздар. Мектеп формасы дегеніміз, тек қана сұр көйлек, ақ фартук немесе ақ кофта мен қара белдемше емес, сонымен шашымызды жинақы етіп жинап бантик тағып жүрсеңдер деймін.

Сканировано с CamScanner

Жиналыс қаулы етеді:

1. Аталған тақырыптағы тренигтер, іс-шаралар ата-аналар арасында да өткізілу жолға қойылсын.
2. Оқушы қыздардың тазалығы, мектеп формасының сақталуы сынып жетекшілерге ескертіліп, жұмыс жасалынсын.

Жиналыс төрайымы: А.Абильмажинова
Жиналыс хатшысы: Д.Амангельдинова

Сканировано с CamScanner